

# «Қарамақы ата» мешітіне жаңа имам тағайындалды

Меңдіқара аудандық мешітінің бас имамы –  
Жандарбек Амирхамзин

Қараша айының 22 күнінен «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының» төрағасы, бас мүфти Наурызбай Қажы Тағанұлының бұйрығымен Меңдіқара аудандық «Қарамақы ата» мешітіне Амирхамзин Жандарбек Мұбаракұлы бас имам болып тағайындалды.

Ол Қостанай облысы, Амангелді ауданында 1985 жылы дүниеге келген. 2008-2011 жылдар аралығында Павлодар қаласындағы Әбу-Бәкір Сыдық медресесінде «Исламтанушы» мамандығы бойынша білім алған. Кейіннен 2011-2023 жылдар аралығында Амангелді ауданы «Сатыбалды ишан» мешітінде жұмыс жасап, 2023 жылдың қаңтар айынан бастап, «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» Республикалық ислам діни бірлестігінің филиалы Қостанай облысы



Амирхамзин Жандарбек Мұбаракұлы

Қостанай қалалық «Марал ишан» мешітінде найб имам қызметін атқарған.

Бас имам Жандарбек Мұбаракұлының айтуынша, ауылымыздың жасы үлкен

ақсақалдары мен ел ағалары қызметіне сәттілік тілей отырып, барша аудан тұрғындары өз қолдауларын білдіріп жатқан көрінеді. Мешітке келген жамағат-

тың саны артып, жастар қауымы мешітке келіп тұрса екен деген тілегін де білдірді.

- Киелі Меңдіқара өңіріне қоныс аударғалы 2 айға жуық уақыт болған екен. Осы уақыт аралығында біраз үйренісіп те қалдық. Аудан тұрғындары, ауыл ақсақалдары жақсы қарсы алып, барынша өз көмектері мен қолдауларын көрсетуде. Жаңа жұмысқа бірден кірісіп, қазіргі таңда алдағы қасиетті Рамазан айына өз дайындығымызды бастап кеттік. Мешіт жанынан салынған медресе мен асхана жұмыстары да қарқынды дайындық үстінде. «Қарамақы ата» мешітінің есігі жамағат үшін әрдайым ашық, - дейді бас имам Жандарбек Амирхамзин.

Еске сала кетсек, 2018-2023 жылдар аралығында Меңдіқара ауданының бас имамының қызметін Еркебұлан Қошан атқарған болатын. Қазіргі таңда Еркебұлан Жаңбырбайұлы Денисов ауданының «Жұма» мешітінің бас имамы қызметін атқаруда.

Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА